

i30







Ыңғайлы қозғалыс еркіндігі.

i30 Wagon.

Сұлулық пен үлкен сыйымдылықты біріктіретін i30 универсалы заманауи дизайнмен үйлескенде өз класына одан да көп үнемділік пен функционалдылықты әкеледі. Айқын силуэт және жаңа бөлшектер универсалға әдемі және қарапайым дизайн көрінісін береді. Автокөлік сегментті өзінің әмбебаптығымен және кеңдігімен таңғалдырады. Жоғары сыйымдылық шанақтың бұл түрін бүкіл отбасымен жиі саяхаттайтын немесе үлкен жүктерді өз бетінше тасымалдауды қалайтындар үшін қолайлы етеді.



Функционалды салон.

Артқы есікті ашқан кезде i30 универсалының әлеуеті ашылады. Атап айтқанда, сыйымдылығы 602 литр жүк бөлімі, оны артқы орындықтарды бүктеу арқылы 1650 литрге дейін арттыруға болады. Бұл i30-ды отбасылық серуендеу, демалу немесе іссапарлар кезінде тамаша серіктес етеді. Күніңіз қаншалықты ауыр өтсе де, i30 Сізге жайлылықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.



Артқы орындықтар 60/40 пропорциясында бүктеледі



Шынтақ сүйегінің артындағы люк шаңғы мен басқа да ұзын заттарды тасымалдауды жеңілдетеді



Артқы орындықтарды бүктеу кезіндегі жүксалғыштың әсерлі көлемі

Өмір – бұл тек оңтайлы шешімдер ғана емес.

Бақытымызға орай, өмір бірқатар қуанышты оқиғалардан тұрады. Сондықтан сіздің жан-жақты өмір салтыңызды қолдайтын және отбасылық өмірдің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін барлық мүмкіндіктерге ие із0-ды таңдау өте маңызды.






Әр сызықтың әсемдігі.

i30 Hatchback.

Көптеген марапаттарға ие болған i30-ды соншалықты табысты еткен таңдаулы үстіңгі беттері мен айқын сызықтары енді жаңа әдемі дизайн элементтерінің кең спектрімен толықтырылған. Бұрынғыдан да батыл және жіңішке радиатор торы және қайта өңделген бампер i30-дың заманауи бейнесін баса көрсетеді. Қанаттарында металл ендірмелері бар толығымен қайта ойластырылған ауа тартқыштар жіңішке әсемдікті одан сайын ерекшелей түседі. Бұрынғыдан да жіңішке жарықдиодты фаралар мен кіріктірілген V тәрізді күндізгі жүріс шамдары алдыңғы бөлігінің әсем дизайнын толықтырады.









Нәзік сұлба.

Айқын сызықтары мен жаңа функцияларының арқасында артқы бампер өте талғампаз көрінеді. Бампердің төменгі сызығы толығымен қайта жасалды және енді оған эксклюзивті көрініс беретін шығыңқы қос хромдалған жақтаулармен ерекшеленген. Артқы тұманға қарсы фаралар бұрынғыдан да көрікті және жіңішкірек етіп жасалды – олар әдемірек позиция үшін ауырлық центрін визуалды түрде жерге жақынырақ жылжыту үшін бамперден төмен орналасқан. Жарықдиодты артқы аралас шамдар алдыңғы күндізгі жүріс шамдарын қайталайтын V тәрізді пішінге ие. Бұл алдыңғы және артқы бөліктердің әсем симметриялы байланысын жасайды.

Басты жарық.

i30 сыртқы келбеті – әсем сызықтар мен заманауи дизайн элементтерінің әсерлі симфониясы.



Хромдалған жапсырмалары бар бұрынғыдан да кең радиатор торы



Әдемі толығымен жарықдиодты фаралар және кіріктірілген V тәрізді күндізгі жүріс шамдары



Артқы бампердің төменгі жағындағы хромдалған қос жақтаушалар



Әрқашан байланыста.

i30-да Сіз интеграцияланған ақпараттық-ойын-сауық жүйелеріне қол жеткізе аласыз. Apple CarPlay™ және Android Auto™ Сізге жолда байланыста қалуға және бүкіл сапар бойы ақпарат алып отыруға мүмкіндік береді. Мұның бәрі i30 мінезін бейнелейтін әдемі стильде және жоғары сапада ұсынылған.



Apple CarPlay™



8" дисплей бар мультимедиялық жүйе



Сымсыз зарядтау құрылғысы

Опциялар және дөңгелек дискілері.



Алдыңғы және артқы тұрақ датчиктері



Булануға қарсы жүйесі бар климат-бақылау



Динамикалық белгілері бар артқы көрініс камерасы



Бүйірлік артқы көрініс айналарын жинауға арналған электр жетегі



Руль дөңгелегін жылыту



Алдыңғы орындықтарды жылыту



Жылжымалы шынтақ қойғыш



Мультируль



Дауыспен басқарылатын Bluetooth коммуникациялық жүйесі

Автокөліктің әсем сыртқы келбетін толықтыратын көлемдері әртүрлі стильді дөңгелек дискілері бар.



15-дюймдік болат дөңгелек дискілер



15-дюймдік жеңіл балқығыш дөңгелек дискілер



16-дюймдік жеңіл балқығыш дөңгелек дискілер



17-дюймдік жеңіл балқығыш дөңгелек дискілер



10,25" LCD-дисплей Touch Screen мультимедиялық кешені



Қозғалтқышты іске қосу батырмасы және Smart Key қашықтан басқару чип кілті



AUTO HOLD ұстап тұру функциясы бар электронды тұрақ тежегіші




7" LCD-мониторы бар SUPER VISION аспаптар панелі




Артқы жолаушыларға арналған ауа беру дефлекторы


Hyundai SmartSense.




i30 жетілдірілген Hyundai SmartSense пакетімен жабдықталған – бұл қауіпсіздік пен тыныштықты қамтамасыз ету үшін жасалған жүргізушіге көмек көрсететін біздің озық жүйелеріміз. Алдыңғы және артқы радарларды көп функциялы камерамен біріктіре отырып, белсенді қауіпсіздік жүйесі жаңартылды және қозғалыс жолағымен жүрген кезде көмек көрсету жүйесін және соқыр аймақтарда соқтығысуды болдырмау жүйесін қамтиды.




Алдын соқтығысуды болдырмау жүйесі (FCA)
Радар мен камераның көмегімен алдағы жолды бақылау арқылы жүйе сізге ескертеді, содан кейін алда келе жатқан автокөліктің кенеттен тежей бастаған кезде автоматты түрде тежейді. Жүйе жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерді де анықтайды.



Қозғалыс жолағын ұстау көмекшісі (LKA)
Жолдағы сызықтарды бақылау үшін алдыңғы камераны пайдаланады. Қозғалыс жолағынан байқаусызда шыққан жағдайда, ол жүргізушіге ескертеді және көлікті қозғалыс жолағына қайтару үшін рульдік басқарудың қарсы айналу сәтін қолдана алады.



Қозғалыс жолағымен жүру кезіндегі көмек (LFA)
Қосылған кезде ол автокөлікті өзінің қозғалыс жолағының ортасында автомагистральдар мен қала көшелерінде сағатына 0-ден 180 километрге дейінгі жылдамдықта ұстайды.



Адаптивті круиз-бақылау (ACC)
Жүргізуші тарапынан ешқандай қосымша іс-қимылдарды талап етпей, белгіленген жылдамдықты және алда келе жатқан көлік құралына дейінгі қашықтықты сақтайды.

Басты назарда – сенімділік пен үнемділік.

Қозғалтқыш өз класындағы ең үздік динамикалық сипаттамалардың біріне ие және барлық экологиялық нормаларға сәйкес келеді.

Бензин қозғалтқышы
DPI 1.5 литра

110 Максималды қуаты
а.к. / 6 000 айн/мин

144 Максималды сәт
Н.м. / 3 500 айн/мин



Көбірек тиімділік. Көбірек таңдау.

Қозғалыс режимін жүргізушінің қалауына немесе жолдың жағдайына сәйкес таңдауға болады.



Қозғалыс режимін таңдау Drive Mode Select

NORMAL (әдепкі бойынша қосылған): қалыпты режим стандартты болып табылады, әдеттегі күнделікті басқару динамикасын және көлік қозғалысын қамтамасыз етеді.

ECO: бұл режим жүріс қорын барынша арттыру үшін жасалған, эко-режим отын шығынын азайтып, қозғалтқыштың дифферентін өзгертеді. Бұл ұзақ сапарлар немесе жұмысқа бару үшін тамаша таңдау.

SPORT: қуатты жүргізу стиліне арналған режим. Бұл параметр максималды өнімділікке қол жеткізу үшін руль дөңгелегімен кері байланысты және қозғалтқыштың жауап беру жылдамдығын қарттырады.

Интерьердің түстері.

i30 салонында міндетті түрде бөлшектерге көзіңіз түседі. Аспаптар тақтасының, салон беттерінің мен бекітпе элементтердің минимализмі керемет сапа мен кеңдік сезімін тудырады. Интерьер жетілдірілген желдету саңылауларымен және интерьерді безендірудің таңдауыңызға қарай екі түсімен жабдықталған.




Қара



Сұр




Мата



Мата



Аралас




Аралас





Шанақтың түстері.

Шанақтың 9 түсінің біреуін таңдау арқылы i30-ды жекелендіріңіз.



Автокөлік шанағының кейбір түстері сатып алуға қолжетімсіз болуы мүмкін немесе белгілі бір уақыт аралығында қолжетімді болмауы мүмкін. Қолжетімді түстер туралы ақпарат алу үшін өз дилеріңізден кеңес алыңыз.

Габариттері.

i30 Hatchback



Габаритті ені 1,795
Жолтабан ені* 1,549-1,573



Габаритті ұзындығы 4,340
Дөңгелек базасы 2,650

Габаритті биіктігі

1,455



Жолтабан ені* 1,562-1,581

i30 Wagon



Габаритті ені 1,795
Жолтабан ені* 1,559-1,573



Габаритті ұзындығы 4,585
Дөңгелек базасы 2,650

Габаритті биіктігі

1,465
1,475 (рейлингтермен)



Жолтабан ені* 1,567-1,581

Өлш. бір.: мм. * Жолтабан ені • 15 дюймдік дөңгелек дискілері (алдыңғы/артқы) • 16 дюймдік дөңгелек дискілері (алдыңғы/артқы Hatchback) • 17 дюймдік дөңгелек дискілері (алдыңғы/артқы Wagon)

Сипаттамалары.

Параметр атауы	1.5 DPI
Қозғалтқыш түрі	Екі жоғарғы үлестіруші білігі бар 4 цилиндрлі, 16 клапан
Жұмыс көлемі, см ³	1,498
Максималды қуаты, а.к. / айн/мин	110 / 6,000
Трансмиссия түрі	Автоматты 6 сатылы
Максималды айналу сәті, Нм	144,2
Максималды жылдамдығы, км/сағ	187
Үдеу уақыты 0-ден 100 км/сағ дейін	12,3
Отын шығыны	қалалық 8,4 қала сыртында 5,4 аралас цикл 6,4
Тежегіштер	
Алдыңғы	Желдетілетін тежегіш дискілер
Артқы	Желдетілмейтін тежегіш дискілер
Аспа	
Алдыңғы	Макферсон типті тәуелсіз серіппелі
Артқы	Көпіртіректі
Шиналар	
	195 / 65 R15 205 / 55 R16 225 / 45 R17
Салмағы	
Жарақталған салмағы, кг	1,343
- стандартты жүктемемен, кг	1,492



Бір отбасы — көп артықшылықтар.



5 ТҚК сыйлыққа

АВТОКӨЛІКТІ ҰЗАҚ МЕРЗІМ ЖӘНЕ АҚАУСЫЗ ПАЙДАЛАНУ КЕПІЛІ

Жаңа Hyundai сатып алыңыз және 10 мың километр жүрілген жол немесе 12 ай аралықпен алғашқы бес мерзімді ТҚК сыйлыққа алыңыз.



Сервис

ОСЫ ЖЕРДЕ ЖӘНЕ ДӘЛ ҚАЗІР СІЗГЕ ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚПЕН!

Біздің сіздерге деген қамқорлығымыз - жолда көлікпен қауіпсіз қозғалудың кепілі. Сіздердің назарларыңызға қалаларыңыздағы барлық Hyundai ресми Дилерлік орталықтарында Before Service бағдарламасын ұсынамыз. Before Service бағдарламасы автомобильді кешенді профилактикалық байқауды кедергісіз және қауіпсіз, ең бастысы тегін жүргізуге мүмкіндік береді.



Кепілдік

ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ ЖАҢА HYUNDAI АВТОМОБИЛІНЕ КЕПІЛДІГІ

Өндірушінің кепілдігі 5 жыл және 100 000 км (қайсысы ертерек болатынына байланысты), Hyundai ресми Дилері автомобильді бірінші сатып алушыға сатқан (берген) сәттен бастап Сервистік кітапшада көрсетілген шектеулерді ескере отырып, бұл туралы Сервистік кітапшада кепілдіктің басталу күні туралы тиісті белгі куәландырады.



Жеңілдікпен кредиттеу

ОТАНДЫҚ АВТОӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Сіз Отандық автоөндірісті қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын пайдалана аласыз және ең төменгі бастапқы жарнасы автомобиль құнының небәрі 10%-ын құрайтын 7 жылға жылдық 4% мөлшерлеменен жаңа Hyundai сатып алуға кредитті рәсімдей аласыз!



Trade in

«TRADE-IN» ТИІМДІ БАҒДАРЛАМАСЫ

Барлық Hyundai дилерлік орталықтарында «Trade-in» тиімді бағдарламасы әрекет етеді. Барлығы өте оңай: кез келген маркалы автомобильді жаңа Hyundai автомобиліне айырбастаңыздар. Толығырақ Қазақстан бойынша барлық Hyundai ресми дилерлік орталықтарында.



Call center

БАРЛЫҚ HYUNDAI ИЕЛЕРІ ҮШІН

7007 нөмірі бойынша клиенттерді қолдау қызметі 24/7 қолжетімді.

Дилер туралы ақпарат

HYUNDAI AUTO KAZAKHSTAN

Брендтің Қазақстандағы ресми дистрибьюторы

www.hyundai.com

Қазақстан бойынша бірыңғай тегін call-center
Ұялы телефондардан қоңырау шалу: 7007



Бұл кітапша басып шығару кезінде дұрыс болды. Алайда, Hyundai Auto Kazakhstan компаниясы өнімді үздіксіз жетілдіру және жақсарту саясатын ұстанатындықтан, ол осы жарияланымда сипатталған модельдердің ерекшеліктерін, түстерін және жиынтықталым элементтерін кез келген уақытта қосымша ескертусіз өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Модельдердің түстері мен жиынтықталымдарының үйлесімі олар нақты болған жағдайда қолжетімді. Өзекті ақпарат алу үшін Hyundai ресми дилерлік орталықтарына хабарласыңыз.